

**Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша көмек
пен құқықтық қатынастар туралы
Конвенция
(Кишинев қ. 07.10.02 ж.)**

Конвенция Қазақстан Республикасымен бекітілді. (10.03.04 ж. № 531-II Қазақстан Республикасының Заңын қара)

<u>I Тарау Жалпы ережелер</u>	<u>(1-21 баптар)</u>
<u>I бөлім. Құқықтық қорғау</u>	<u>(1-3 баптар)</u>
<u>II бөлім. Құқықтық көмек</u>	<u>(4-21 баптар)</u>
<u>II Тарау Азаматтық және отбасылық істері бойынша құқықтық қатынас</u>	<u>(22-53 баптар)</u>
<u>I-Бөлім. Құзырет</u>	<u>(22-25 баптар)</u>
<u>II бөлім. Жеке мәртебе</u>	<u>(26-28 баптар)</u>
<u>III бөлім. Отбасы істері</u>	<u>(29-40 баптар)</u>
<u>IV бөлім. Мүліктік құқықтық қатынастар</u>	<u>(41-46 баптар)</u>
<u>V бөлім. Мұрагерлік</u>	<u>(47-53 баптар)</u>
<u>III Тарау Шешімдерді тану және орындау</u>	<u>(54-59 баптар)</u>
<u>IV Тарау Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас</u>	<u>(60-116 баптар)</u>
<u>I бөлім. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек</u>	<u>(60-65 баптар)</u>
<u>көрсету туралы тапсырма</u>	
<u>II бөлім. Ұстап беру</u>	<u>(66-90 баптар)</u>
<u>III бөлім. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру</u>	<u>(91-102 баптар)</u>
<u>IV бөлім. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және</u>	<u>(103-108 баптар)</u>
<u>қатынастар туралы арнайы ережелер</u>	
<u>V бөлім. Үкімдерді тану және орындау</u>	<u>(109-116 баптар)</u>
<u>V Тарау Қорытынды ережелер</u>	<u>(117-124 баптар)</u>

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптардың атынан, Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығына қатысушы-мемлекеттер, осы Конвенцияға қатысушылар,

Әрбір Уағдаласушы деп аталатын Тараптардың азаматтары мен оның аумағында тұратын басқа да адамдарға барлық Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында олардың жеке, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын сенімді құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып,

әділет мекемелеріне азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласында ынтымақтастықты дамытуға зор мән бере отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

**I Тарау
Жалпы ережелер**

I бөлім. Құқықтық қорғау

1-бап

Құқықтық көмекті ұсыну

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптардың азаматтары, сондай-ақ оның аумағында тұратын басқа да адамдар барлық басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында осы Уағдаласушы Тараптың өз азаматтары сияқты, олардың жеке, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын құқықтық қорғауды пайдаланады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тараптардың азаматтары, сондай-ақ оның аумағында тұратын басқа адамдар басқа Уағдаласушы Тараптардың соттарына, прокуратурасына, ішкі істер органдарына, қауіпсіздік органдарына және құзыретіне азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жататын өзге де мекемелеріне (бұдан әрі - әділет мекемелері деп аталатын) еркін және кедергісіз жүгінуге құқылы, осы Уағдаласушы Тараптың азаматтары

сияқты шарттарда оларда сөз сөйлеуге, өтініштер беруге, талаптар ұсынуға және өзге де іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыра алады.

2-бап

Баждарды төлеуден және шығындарды өтеуден босату

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптардың азаматтары мен оның аумағында тұратын басқа да адамдар басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында өз азаматтары сияқты шарттарда, сот және нотариаттық баждар мен шығындарды төлеуден және өтеуден босатылады, сондай-ақ тегін заң көмегін пайдаланады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жеңілдіктер шешім мен үкімнің орындалуын қоса, азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша жүзеге асырылатын барлық іс жүргізу әрекеттеріне қолданылады.

3-бап

Отбасылық және мүліктік жағдай туралы құжатты беру

1. Осы Конвенцияның 2-бабында көзделген жеңілдіктер өтінішті қозғайтын адамның отбасылық және мүліктік жағдайы туралы құжат негізінде беріледі. Бұл құжатты аумағында өтініш иесінің тұратын немесе орналасқан жері бар Уағдаласушы Тараптың құзыретті мекемесі береді.

2. Егер өтініш иесінің Уағдаласушы Тарап аумағында тұратын жері немесе орналасқан жері болмаса, онда ол азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың тиісті дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі берген құжатты беру жеткілікті.

3. Жеңілдіктер беру туралы өтініш бойынша шешім шығаратын мекеме құжатты берген мекемеден қосымша деректерді немесе қажетті түсініктемелерді талап етуі мүмкін.

II бөлім. Құқықтық көмек

4-бап

Құқықтық көмек көрсету

1. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемесі осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетеді.

2. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері осы баптың 1-тармағында көрсетілген істер бойынша Уағдаласушы Тараптардың басқа мекемелеріне де құқықтық көмек көрсетеді.

3. Құқықтық көмек тапсырмалар мен осы Конвенцияда көзделген, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелерінің сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелеріне жіберген өзге де өтініштері негізінде көрсетіледі.

5-бап

Қатынастар тәртібі

1. Құқықтық көмек көрсету кезінде Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері егер осы Конвенцияда қатынастардың өзге тәртібі белгіленбесе, бір-бірімен өздерінің орталық, аумақтық және басқа да органдары арқылы қатынас жасайды. Уағдаласушы Тараптар өздерінің тікелей қатынастарды жүзеге асыруға уәкілетті орталық, аумақтық және басқа да органдарының тізбесін айқындайды, ол туралы бекіту грамоталары мен бірігу туралы құжаттарды беру сәтінде депозитарийге хабарлайды.

Уағдаласушы Тараптар орталық, аумақтық және басқа да органдар тізбесіндегі өзгерістер туралы депозитарийге хабарлайды.

2. Прокурор (соттың) санкциясын талап ететін іс жүргізу әрекеттері мен іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы тапсырмаларды орындау мәселелері жөніндегі қарым-қатынастар прокуратура органдары арқылы жүзеге асырылады.

6-бап **Құқықтық көмек көлемі**

Уағдаласушы Тараптар сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарында көзделген іс жүргізу мен өзге де іс-әрекеттерін орындау, атап айтқанда құжаттарды жасау, адресатқа жіберу және тапсыру, қарау, тінту, тауып алу, айғақты заттарды беру, сараптамалар жүргізу, тараптардан, үшінші адамдардан, күдіктілерден, айыпкерлерден, жәбірленушілерден, куәлардан, азаматтық талапкерлерден, азаматтық жауапкерлерден, олардың өкілдерінен, айыпкерлердің заңды өкілдерінен, сарапшылардан жауап алу, тану үшін, оның ішінде бейне байланысты, бейне жазбаны және өзге де техникалық құралдарды пайдалана отырып ұсыну, адамдарды іздеу, тергеу жүргізудегі қылмыстық істер, қылмыстық қудалау шегінде қаралатын қылмыстық іс шеңберінде жедел іздестіру іс-шараларын жүзеге асыру, қылмыстық қудалау, қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе үкімді орындауды жүргізу үшін адамдарды беру, азаматтық істер, коммерциялық және өзге де экономикалық даулар бойынша шешімдерді орындау үшін азаматтық жауапкерлердің қылмыстық жолмен алынған ақша қаражаттары мен мүліктерін іздестіру және тыйым салу (алу), азаматтық істер бойынша атқарушы жазбаларды, сот шешімдерін және үкімдерін тану және орындау арқылы өзара құқықтық көмек көрсетеді.

Уағдаласушы Тараптар нақты жағдайларға, сот төрелігі мен тұтастай қоғам мүдделеріне сүйене отырып, өзге нысандар мен түрлерде Уағдаласушы Тараптардың ішкі заңдарына сәйкес өзара құқықтық көмек көрсетуі мүмкін.

7-бап **Құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманың мазмұны мен нысаны**

1. Құқықтық көмек көрсету туралы тапсырмада:

- а) сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің атауы;
- б) сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің атауы;
- в) құқықтық көмек сұратылған істің атауы мен нөмірі;
- г) жеке тұлға туралы: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен орны, мекен-жайы, азаматтығы, қызметінің түрі; заңды тұлға туралы деректер: атауы, заңды мекен-жайы немесе орналасқан жері, банктік реквизиттері мен фискальдық кодтары;
- д) "Г" тармақшасында көрсетілген тұлғалар өкілдері бар болғанда, олардың тектері, аттары, әкелерінің аттары және мекен-жайлары;
- е) оны орындау барысында алынған тапсырмалар мен мәліметтердің келіп-түсу құпиялылығын қамтамасыз ету қажеттігі;
- ж) оны орындау үшін қажетті тапсырманың мазмұны, сондай-ақ басқа да мәліметтер көрсетілуі тиіс.

2. Құжатты тапсыру туралы тапсырмада сондай-ақ алушының нақты мекен-жайы және тапсырылатын құжаттың атауы көрсетілуге тиіс.

3. Тапсырмада іс кімнің өндірісінде, сол адамның қолы қойылуға және сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің елтаңбалы мөрмен бекітілуге тиіс. Тапсырмада сондай-ақ қатынас телефондары мен өзге де байланыс арналары көрсетіледі.

4. Осы баптың 1-3-тармақтарының талаптарына сәйкес ресімделген құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне осы Конвенцияның 5-бабының ережелерін сақтай отырып, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің басшысы жібереді.

5. Күттірілмейтін жағдайларда, осы бапта белгіленген ережелерге сәйкес ресімделген құқықтық көмек туралы тапсырма факсимильді байланыс арқылы, сондай-ақ өзге де коммуникация құралдарын пайдалана отырып жіберілуі мүмкін. Сонымен бір уақытта тапсырманың түпнұсқасы почтамен немесе курьермен жіберілуге тиіс.

8-бап

Құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындау тәртібі

1. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындау кезінде өзінің Уағдаласушы Тарабының заңнамасын қолданады. Сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің өтініші бойынша ол сұрау салған Уағдаласушы Тараптың іс жүргізу нормаларын, егер олар сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарына қайшы келмесе қолдана алады. Бұл ретте сұрау салған Уағдаласушы Тарап іс жүргізу заңының мәтінін ұсынуға тиіс.

2. Егер сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі тапсырманы орындауға құзыретті болмаса, онда ол 5 күн мерзімде оны құзыретті әділет мекемесіне жібереді және ол туралы сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне хабарлайды.

3. Сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің өтініші бойынша сұрау салынған Уағдаласушы Тарап оған өзі уәкілеттік берген өкілдер сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің келісімімен және оның заңнамасына сәйкес тапсырманы, сондай-ақ, егер бұл сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңнамасына қайшы келмесе, орындау кезінде қатысуға, сондай-ақ іс жүргізу әрекеттері мен іздестіру іс-шараларын орындауға қатыса алатындай, тапсырманы орындау уақыты мен орны туралы уақтылы хабарлайды.

4. Егер тапсырмада көрсетілген адамның нақты мекен-жайы белгілі болмаса, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі оның нақты мекен-жайын (орналасқан орнын) анықтау үшін қажетті шараларды қолданады.

5. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі тапсырманы орындағаннан кейін, егер осы Конвенцияда өзгеше көзделмесе, алынған құжаттарды, заттарды және материалдарды сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне жібереді. Егер құқықтық көмек көрсетіле алмаған жағдайда, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі тапсырманы орындауға кедергі жағдайлар туралы хабардар етіледі.

9-бап

Жәбірленушілерді, азаматтық талапкерлерді, азаматтық жауапкерлерді, олардың өкілдерін, куәларды, сарапшыларды және басқа да адамдарды шақыру

1. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің тапсырған, шақыру бойынша сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне келген жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ куә, сарапшы немесе басқа адам оның аумағында өзінің азаматтығына қарамастан, оның мемлекеттік шекарасынан өткенге дейін өзі жасаған әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы, қамауға алынуы және жазаға тартылуы мүмкін емес. Осындай адамдар сондай-ақ талқылаудың мәні болып табылатын іс бойынша олардың куәлік жауаптарына немесе сарапшылар ретіндегі қорытындыларына байланысты жауапкершілікке тартылуы, қамауға алынуы немесе жазаға тартылуы мүмкін емес.

Олардың қылмыстық жауапкершілігі туралы мәселе осы Конвенцияның ІҮ тарауының ережелеріне сәйкес шешіледі.

2. Шақырылған адам, егер ол бұған мүмкіндігі бола тұра, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің оған оның аумағында оның одан әрі болу қажеттігінің жоқтығы туралы хабарлаған күннен бастап 15 тәулік өткенге дейін сұрау салған

Уағдаласушы Тараптың аумағынан кетпесе, бұл иммунитетті жоғалтады. Осы мерзімге осы адамның өз еркіне тәуелсіз себептер бойынша сұрау салған Уағдаласушы Тараптың аумағынан кете алмаған уақыты есептелмейді.

3. Сұрау салған Уағдаласушы Тарап осы баптың 1-тармағында көрсетілген, шақыртылған адамның жол жүруімен, сондай-ақ оның аумағында болуымен байланысты шығыстарды және жұмыстан босатылған күндері үшін алынбаған жалақыны өтейді; сарапшылар сараптамалар жүргізгені үшін сыйақы алуға құқылы. Шақыруда шақыртылған адам қандай төлемдер алуға құқылы екендігі көрсетілуі тиіс; олардың өтініші бойынша сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі тиісті шығыстарды жабуға аванс төлейді.

4. Бір Уағдаласушы Тараптың аумағында тұратын, осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдарды екінші Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне шақыру келмеген жағдайда, мәжбүрлеу қаупін қамтымауға тиіс.

10-бап

Сараптамалық зерттеулерді жүргізуді ұйымдастыру

1. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері Уағдаласушы Тараптардың арнайы сарапшылық, ғылыми-зерттеулер мен өзге де құзыретті мекемелерінде азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша сараптамалар ұйымдастыру мен жүргізуде өзара құқықтық көмек көрсетеді.

2. Осындай сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу кезінде Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері ішкі заңнаманы басшылыққа алады. Сарапшылардың сұрау салынған Уағдаласушы Тарапта берілген қорытындылары осы Уағдаласушы Тараптың заңнамасына сәйкес сұрау салған Уағдаласушы Тарапта да сондай заңды күшке ие және осы Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелерімен қандай да бір арнайы куәландырусыз қабылданады.

3. Егер Уағдаласушы Тараптар өзге тәртіпті айқындамаса, осындай жағдайларда сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізудегі шығыстарды сұрау салған Уағдаласушы Тарап көтереді.

11-бап

Құжаттарды тапсыру

1. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі құжаттарды тапсыруды, егер тапсырылатын құжаттар осы Уағдаласушы Тараптың тілінде немесе орыс тілінде не осы тілдерге аударма жаракталса, осы Уағдаласушы Тараптың қолданыстағы тәртібіне сәйкес жүзеге асырады. Керісінше жағдайда, егер ол оларды өз еркімен қабылдауға келіссе, ол құжаттарды алушыға береді.

2. Егер құжаттар тапсырмада көрсетілген мекен-жай бойынша тапсырыла алмайтын болса, онда сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі өзінің бастамасы бойынша мекен-жайды анықтау үшін қажетті шараларды қабылдайды. Егер алушының мекен-жайын анықтау мүмкін болмаса, онда сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесін ол туралы хабардар етеді және оған тапсырылуға тиіс құжаттарды қайтарады.

3. Құжаттарды тапсыру құжат тапсырылған адамның қолы қойылған растамамен және құжатты тапсырған мекеме қызметкерінің тапсырған қол қойған және күні немесе сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің елтаңбалы мөрімен бекітілген тапсыру тәсілі, орны және уақыты көрсетілуге тиіс осы мекеме берген өзге де құжатпен куәландырылады. Егер адресат құжаттарды алудан немесе растамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі ол туралы сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне хабардар етеді.

12-бап

Құжаттардың жарамдылығы

1. Бір Уағдаласушы Тараптың аумағында берілген немесе құзыретті мекеме не оған оның құзыреті шегінде және белгіленген нысан бойынша арнайы уәкілеттік берілген адам куәландырған және елтаңбалы мөрмен бекітеді құжаттар барлық басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында қандай да бір арнайы куәландырусыз қабылданады.

2. Бір Уағдаласушы Тараптың аумағында ресми құжаттар ретінде қаралатын құжаттар басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында ресми құжаттардың дәлелді күші болып пайдаланылады.

13-бап

Азаматтық жағдай мен басқа да құжаттар туралы құжаттарды жіберу

1. Уағдаласушы Тараптар бір-біріне сұрау салу бойынша құжаттарды жіберу туралы азаматтарға хабарлай отырып, Уағдаласушы Тараптардың тікелей азаматтық хал актілерін тіркеу органдары арқылы азаматтық хал актілерін тіркеу туралы құжаттарды аудармасыз және тегін жіберуге міндеттенеді.

2. Уағдаласушы Тараптар бір-біріне сұрау салу бойынша білім, еңбек стажы туралы және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың азаматтары мен оның аумағында тұратын өзге де адамдардың жеке, мүліктік немесе мүліктік емес құқықтарына қатысты басқа да құжаттарды аудармасыз және тегін жіберуге міндетті.

14-бап

Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің өкілеттіктері

Уағдаласушы Тараптардың дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері соттық және соттық емес құжаттарды беруді немесе өкілдік жасалатын Уағдаласушы Тарапқа соттар үшін жауап алу жөніндегі соттық тапсырмаларды қолданыстағы халықаралық келісімдерге сәйкес немесе осындай келісімдер болмағанда, олар орналасқан аумақтағы Уағдаласушы Тараптың заңнамасына қайшы келмейтін кез келген өзге де тәртіппен орындауды жүзеге асыруға құқығы бар.

15-бап

Құқықтық мәселелер туралы ақпарат

Уағдаласушы Тараптардың орталық әділет мекемелері бір-біріне сұрау салу бойынша өздерінің Уағдаласушы Тараптарының қолданыстағы және қолданыста болған ішкі заңдары мен оны қолдану практикасы туралы мәліметтерді береді.

16-бап

Мекен-жайлар мен басқа да деректерді анықтау

1. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері сұрау салу бойынша олардың аумақтарында тұратын адамдардың және, егер бұл олардың азаматтарының құқықтарын жүзеге асыру үшін талап етілсе, заңды тұлғалардың мекен-жайларын анықтауда бір-біріне көмек көрсетеді. Бұл ретте сұрау салған Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері өтініште көрсетілген адамның мекен-жайын анықтау үшін өздерінде бар деректерді хабарлайды.

2. Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері сұрау салған Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелерінде азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер

бойынша мүліктік талап етілген, олардың аумақтарында тұратын адамдардың жұмыс орны (қызмет түрі) мен кірісін; соның ішінде банктердегі шоттарда бар қаражатын анықтауда өзара көмек көрсетеді.

17-бап

Тілдер

Осы Конвенцияны орындау кезінде Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттік тілдерін немесе орыс тілін пайдаланады.

Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттік тілдеріндегі құжаттар орындалған жағдайда оған расталған орыс тіліне аудармалары қоса беріледі.

18-бап

Құқықтық көмек көрсетуге байланысты шығыстар

1. Құқықтық көмек көрсетуге байланысты шығыстарды егер осы Тұжырымдамада өзгеше белгіленбесе, олар туындаған аумақтағы Уағдаласушы Тарап көтереді.

2. Тарихи және мәдени құндылыққа ие, заттарды беру мен тасымалдау жөніндегі шығыстарды, сондай-ақ үлкен материалдық құнға сұрау салған Уағдаласушы Тарап көтереді.

19-бап

Лауазымды адамдардың іс-әрекеттеріне шағымдану.

Келтірілген залалды өтеу

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптың азаматтары мен заңды тұлғалары, сондай-ақ оның аумағындағы өзге де адамдар, егер Конвенцияда өзгеше белгіленбесе, Уағдаласушы Тараптың заңнамасында көзделген тәртіппен, осындай әрекеттерді жасау орны бойынша осы Конвенцияда ережелерін орындау кезінде олармен жасалған басқа Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелерінің лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне шағымдануға құқылы.

2. Егер осы Конвенцияны орындау кезінде Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелерінің лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекеттерінен осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдарға зиян келтірілсе, онда олар осындай зиян келтірген Уағдаласушы Тараптың заңнамасына сәйкес әділет мекемелерінің лауазымды адамдарынан оны өндіруді талап етуге құқылы.

20-бап

Құқықтық көмек көрсету кезінде мәліметтердің құпиялылығы

1. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің сұрау салуы бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы алу фактісі мен мазмұнының және оны орындау нәтижесінде алынған деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

2. Сұрау салған және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптардың Әділет мекемелері қажет болғанда алынған және тапсырманы орындау нәтижесі мәліметтерінің құпиялылығын сақтау шарттары мен мерзімдерін өзара келіседі.

21-бап

Құқықтық көмек көрсетуден бас тарту

Құқықтық көмек көрсетуде егер осындай көмек көрсету сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың егемендігіне немесе қауіпсіздігіне нұқсан келтірсе не заңдарына қайшы келсе, толықтай немесе жартылай бас тартылуы мүмкін. Құқықтық көмек көрсету туралы

өтініштен бас тартылған жағдайда, сұрау салған Уағдаласушы Тарап тезарада бас тарту себептері туралы хабарлайды.

II Тарау **Азаматтық және отбасылық істері бойынша құқықтық қатынас**

1-Бөлім. Құзырет

22-бап **Жалпы ережелер**

1. Егер осы тараудың II-Ү бөлімдерінде өзгеше белгіленбесе, онда Уағдаласушы Тараптың біреуінің аумағында тұрғылықты жері бар адамдарға қойылатын талаптар олардың азаматтығына қарамастан, осы Уағдаласушы Тараптың соттарына қойылады, ал соның аумағында заңды тұлғаны басқару органы, оның өкілдігі не филиалы орналасқан заңды тұлғаларға қойылатын талаптар осы Уағдаласушы Тараптың соттарына қойылады.

Егер іске әртүрлі Уағдаласушы Тараптардың аумағында тұрғылықты жері бар, бірнеше жауапкерлер қатысса, онда даулар талапкердің таңдауы бойынша кез келген жауапкердің тұрғылықты жері бойынша қаралады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тараптың соттары оның аумағында:

а) жауапкер кәсіпорнының (филиалының), сауда, өнеркәсіптік немесе өзге де шаруашылық қызметі жүзеге асырылған;

б) даудың мәнісі болып табылатын шарттан туындайтын міндеттеме орындалған немесе толық немесе жартылай орындалуға тиіс болған;

в) ар-намысын, абыройы мен іскер атағын қорғау туралы талап бойынша талапкердің тұрақты орны немесе орналасқан жері болған жағдайда да құзыретті.

3. Жылжымайтын мүлікке меншік құқығы және де өзге заттық құқықтар туралы талаптар бойынша тек осындай мүлік орналасқан жердегі соттар ғана құзыретті.

Жүктерді, жолаушылар мен багажды тасымалдау шартынан туындайтын тасымалдаушыларға қойылатын талаптар оған белгіленген тәртіпте наразылық қойылған көлік ұйымы басқармасының орналасқан жерінде қойылады.

23-бап **Шарттық сотқа жататындар**

1. Уағдаласушы Тараптардың соттары егер тараптардың мәні бойынша қарауға дейін қол жеткізген дауды осы соттарға беру туралы жазбаша келісімі болса, істерді басқа жағдайларда да қарай алады.

Бұл ретте, осы I-Ү тараудың бөлімдерімен белгіленген, осы Тұжырымдаманың нормаларынан, сондай-ақ тиісті Уағдаласушы Тараптардың ішкі заңдарынан туындайтын сотқа жататындығы тараптардың келісімінсіз өзгеруі мүмкін емес.

2. Дауды беру туралы келісім бар болғанда, сот жауапкердің өтініші бойынша іс жөніндегі өндіріс тоқтатылады.

24-бап **Сот процестерінің өзара байланысы**

1. Уағдаласушы екі Тараптың осы Тұжырымдамаға сәйкес құзыретті соттарында сол тараптар арасында, сол мән туралы және сол негіздер жөніндегі іс бойынша іс қозғалған жағдайда, істі кейінірек қозғаған сот іс жүргізуді тоқтатады.

2. Негізгі талаптағы құқық қатынасынан туындайтын қарсы талап және есепке алу туралы талаптар негізгі талапты қарап жатқан сотта қаралуға жатады.

25-бап

Азаматтық процеске прокурордың қатысуы туралы өтініш

Уағдаласушы бір Тараптың прокуроры басқа Уағдаласушы Тараптың прокурорына өзінің құзыреті шегінде осы Уағдаласушы Тараптың сотында қозғау туралы, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау туралы, осындай істерді қарауға қатысуды қабылдау немесе жоғары тұрған сот инстанциясына кассациялық, апелляциялық не жеке наразылық (ұсыным), сондай-ақ осындай істер бойынша сот қаулыларын қадағалау тәртібінде наразылық (ұсыным) беру туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

II бөлім. Жеке мәртебе

26-бап

Құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі

1. Жеке адамның әрекет қабілеттілігін осы адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары айқындайды.
2. Азаматтығы жоқ адамның әрекет қабілеттілігі оның тұрақты тұратын жері бар Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша айқындалады.
3. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі заң бойынша ол құрылған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады.

27-бап

Әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану. Әрекет қабілеттілігін қалпына келтіру

1. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, адамды әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану туралы істер бойынша осы адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың соты құзыретті.
2. Егер бір Уағдаласушы Тараптың сотына оның аумағында тұратын, басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылатын адамның әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану негіздері мәлім болса, ол бұл адам соның азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың сотына ол жайлы хабарлайды.
3. Егер әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануға негіздер туралы хабардар етілген Уағдаласушы Тараптың құзыретті соты 90-күн ішінде істі қарауға қабылдамаса немесе өз пікірін хабарламаса, онда әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану туралы істі оның аумағында бұл азаматтың тұратын жері бар Уағдаласушы Тараптың соты қарайтын болады. Адамды әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану туралы шешім бұл адам оның азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотына жіберіледі.
4. Осы баптың 1-3-тармақтарының ережесі әрекет қабілеттілігін қалпына келтіруге де қолданылады.

28-бап

Хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен деп тану және қаза болған деп жариялау. Қайтыс болу фактісін анықтау

1. Адамды хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен деп тану немесе қаза болған деп жариялау туралы істер бойынша және қайтыс болу фактісін анықтау туралы істер бойынша, соңғы мағлұматтар бойынша адам тірі болған кезде азаматы болған

Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі, ал басқа адамдарға қатысты адамның соңғы тұратын жері бойынша әділет мекемесі құзыретті.

2. Әрбір Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі басқа Уағдаласушы Тараптың азаматын және оның аумағында тұратын өзге адамды, оның аумағында тұратын, құқықтары мен мүдделері осы Уағдаласушы Тараптың заңдарында негізделген мүдделі адамдардың өтініші бойынша хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен немесе қаза болған деп тануы, сондай-ақ оның қайтыс болу фактісін анықтауы мүмкін.

3. Хабар-ошарсыз жоқ болып кеткен деп тану немесе қаза болған деп жариялау туралы істерді және қайтыс болу фактісін анықтау туралы істерді қарау кезінде Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі өз Уағдаласушы Тараптың заңдарын қолданады.

III бөлім. Отбасы істері

29-бап

Неке қию

Неке қию шарттары болашақ ерлі-зайыптылардың әрқайсысы үшін, ол азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптардың заңдарымен, ал азаматтығы жоқ адамдар үшін - олардың тұрақты тұратын жері болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді. Осыған қоса, неке қию кезіндегі кедергілерге қатысты аумағында неке қиылатын Уағдаласушы Тарап заңдарының талаптары сақталуға тиіс.

30-бап

Ерлі-зайыптылардың құқықтық қатынастары

1. Ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастары оның аумағында ортақ тұрғылықты жері бар Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

2. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі бір Уағдаласушы Тараптың аумағында, ал екіншісі - басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында тұратын болса және мұнда ерлі-зайыптылардың екеуінде де бір азаматтық болса, онда олардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастары олар азаматтары болжап табылатын сол Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді.

3. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі бір Уағдаласушы Тараптың азаматы, ал екіншісі - басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылса және олардың біреуі бір Уағдаласушы Тараптың аумағында, ал екіншісі - басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында тұратын болса, онда олардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастары, аумағында олардың соңғы ортақ тұрғылықты жері болған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді.

4. Егер осы баптың 3-тармағында аталған адамдардың Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында ортақ тұрғылықты жері болмаса, онда істі әділет мекемесі қарайтын Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

5. Ерлі-зайыптылардың жылжымайтын мүлкіне қатысты құқықтық қатынастары осы мүлік аумағында орналасқан Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

6. Ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтық қатынастары туралы істер бойынша, заңдары осы баптың 1-3, 5-тармақтарына сәйкес қолдануға жататын Уағдаласушы Тараптың мекемесі құзыретті.

31-бап

Неке бұзу

1. Неке бұзу туралы істер бойынша, арыз беру сәтінде ерлі-зайыптылар соның азаматтары болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

2. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі бір Уағдаласушы Тараптың азаматы, ал екіншісі - басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылса, онда әділет мекемесі неке бұзу туралы істі қарайтын Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

32-бап

Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелерінің құзыреті

1. Осы Конвенцияның [31-бабының](#) 1-тармағымен көзделген жағдайда неке бұзу туралы істер бойынша, арыз беру сәтінде ерлі-зайыптылар азаматтары болып табылатын Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері құзыретті. Егер арыз беру сәтінде ерлі-зайыптылардың екеуі де басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында өмір сүрсе, онда осы Уағдаласушы Тараптың мекемесі де құзыретті.

2. Осы Конвенцияның [31-бабының](#) 2-тармағымен көзделген жағдайда неке бұзу туралы істер бойынша, ерлі-зайыптылардың екеуі де аумағында тұратын Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері құзыретті. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі бір Уағдаласушы Тараптың, ал екіншісі - басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында тұрса, онда неке бұзу туралы істер бойынша, ерлі-зайыптылар аумақтарында тұратын екі Уағдаласушы Тараптың да әділет мекемелері құзыретті.

33-бап

Некені жарамсыз деп тану

1. Некені жарамсыз деп тану туралы істер бойынша, неке қию кезінде Осы Конвенцияның [29-бабына](#) сәйкес қолданылған Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

2. Некені жарамсыз деп тану туралы істер жөніндегі әділет мекемелердің құзыреттігі осы Конвенцияның [32-бабына](#) сәйкес белгіленеді.

34-бап

Әкелікті немесе аналықты анықтау және даулау

Әкелікті немесе аналықты анықтау және даулау, бала азаматы болып табылатын, оның азаматтығын - Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша анықтау мүмкін болмаған кезде, тууы бойынша бала азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

35-бап

Ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастар

1. Ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттері, соның ішінде балаларды асырау бойынша ата-аналардың міндеттері аумағында олардың тұрақты ортақ тұрғылықты жері бар Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді, ал, ата-аналар мен балалардың тұрақты ортақ тұрғылықты жері болмағанда олардың құқықтары мен міндеттері бала азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді.

Алимент міндеттілігі жөніндегі талапкердің талабы бойынша бала аумағында тұрақты өмір сүретін Уағдаласушы Тараптың заңдары қолданылады.

2. Кәмелетке толған балалардың ата-аналардың пайдасына алименттік міндеттемелері, сондай-ақ басқа отбасы мүшелерінің алименттік міндеттемелері аумағында олардың ортақ тұрғылықты жері болған, Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді. Ортақ тұрғылықты жері болмаған кезде, осындай міндеттемелер талапкер азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді.

3. Ата-аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастар туралы істер бойынша, заңдары осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес қолдануға жататын Уағдаласушы Тараптың соты құзыретті.

4. Балаларды тәрбиелеуге байланысты істер бойынша соттардың шешімдерін орындау аумағында бала өмір сүретін Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

5. Уағдаласушы Тараптар жауапкер басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында деген негізгі болғанда, және сотпен оны іздестіруді жариялау туралы ұйғарым шығарылғанда, алименттерді өндіру туралы жауапкерді іздеуде бір-біріне көмек көрсетеді.

36-бап

Қамқоршылық пен қорғаншылық

1. Қамқоршылық және қорғаншылықты белгілеу немесе жою қамқоршылық немесе қорғаншылық соған қатысты белгіленетін немесе жойылатын адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша жүргізіледі. 2. Қамқоршы немесе қорғаншы мен қамқорлықтағы немесе қорғаншылықтағы адам арасындағы құқықтық қатынастар мекемесі қамқоршыны немесе қорғаншыны тағайындаған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен реттеледі.

3. Қамқоршылықты немесе қорғаншылықты қабылдау міндеті қамқоршы немесе қорғаншы болып тағайындалатын адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленеді.

4. Бір Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылатын адамның қамқоршысы немесе қорғаншысы болып, егер ол қамқоршылық немесе қорғаншылық жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тараптың аумағында тұрса, басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы тағайындалуы мүмкін.

37-бап

Қамқоршылық және қорғаншылық мәселелеріндегі мекемелердің құзыреті

Қамқоршылық пен қорғаншылықты белгілеу немесе жою туралы істер бойынша, егер осы Конвенциямен өзгеше белгіленбесе, қамқоршылық пен қорғаншылық соған қатысты белгіленетін немесе жойылатын адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың мекемелері құзыретті.

38-бап

Қамқоршылық пен қорғаншылық бойынша шаралар қолдану тәртібі

1. Басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында тұрақты тұратын, жүретін немесе мүлкі орналасқан бір Уағдаласушы Тарап азаматының мүдделерінде қамқоршылық немесе қорғаншылық шаралар қолдану қажеттілігі жағдайында осы Уағдаласушы Тараптың мекемесі осы Конвенцияның [37-бабына](#) сәйкес құзыретті мекемені кідіртусіз хабардар етеді.

2. Күттіруге болмайтын жағдайларда басқа Уағдаласушы Тараптың мекемесі өз заңдарына сәйкес қажетті уақытша шараларды өзі қабылдай алады. Мұнда ол осы Конвенцияның [37-бабына](#) сәйкес құзыретті мекемені бұл жайлы кідіртусіз хабардар етуге міндетті. Бұл шаралар 37-бапта аталған мекеме өзге шешім қабылдағанға дейін күшін сақтайды.

39-бап

Қамқоршылықты және қорғаншылықты беру тәртібі

1. Осы Конвенцияның [37-бабына](#) сәйкес құзыретті бір Уағдаласушы Тараптың мекемесі, егер қамқоршылықтағы немесе қорғаншылықтағы адамның осы Уағдаласушы Тараптың аумағында тұратын, жүретін жері немесе мүлкі болған жағдайда, қамқоршылықты немесе қорғаншылықты басқа Уағдаласушы Тараптың мекемесіне бере алады. Қамқоршылықты немесе қорғаншылықты беру туралы сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың мекемесі қамқоршылықты немесе қорғаншылықты өзіне алғаннан бастап күшіне енеді және ол жайлы сұрау салған Уағдаласушы Тараптың мекемесіне хабарлайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қамқоршылықты және қорғаншылықты өзіне алған мекеме оларды өзінің Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

40-бап

Бала асырап алу

1. Бала асырап алу немесе оны жою, егер бала азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың ішкі заңдарында өзгеше белгіленбесе, бала асырап алу немесе оны жою туралы арыз беру сәтінде бала асырап алушы азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

2. Егер бала басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылса, онда бала асырап алу немесе оны жою кезінде заңды өкілдің және құзыретті мемлекеттік органның келісімін, сондай-ақ егер бұл бала азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша талап етілетін болса, баланың келісімін алу қажет.

3. Егер баланы біреуі бір Уағдаласушы Тараптың азаматы, ал басқасы басқа Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылатын ерлі-зайыптылар асырап алса, онда бала асырап алу немесе оны жою осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелерін ескере отырып, екі Уағдаласушы Тараптың да заңдармен көзделген шарттарға сәйкес жүргізіледі.

4. Бала асырап алу немесе оны жою туралы істер бойынша, бала асырап алу немесе оны жою туралы арыз беру сәтінде бала асырап алушы азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың мекемесі құзыретті, ал осы баптың 3-тармағымен көзделген жағдайда аумағында ерлі-зайыптылардың соңғы ортақ тұратын немесе жүретін жері болған немесе сол Уағдаласушы Тараптың мекемесі құзыретті.

IV бөлім. Мүліктік құқықтық қатынастар

41-бап

Меншік құқығы

1. Жылжымайтын мүлікке меншік құқығы жылжымайтын мүлік аумағында орналасқан Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді. Қандай мүліктің жылжымайтын болып табылатындығы туралы мәселе осы мүлік аумағында орналасқан Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес шешіледі.

2. Мемлекеттік тізбелерге енгізуге жататын көлік құралдарына меншік құқығы көлік құралдарын тіркеуді жүзеге асырған орган аумағында орналасқан Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

3. Меншік құқығының пайда болуы мен тоқтатылуын немесе басқа мүлікке заттық құқықты аумағында мұндай құқықтың пайда болуына немесе тоқтатылуына негіз болған әрекет немесе басқа жағдай туған сәттегі мүлік тұрған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

4. Меншік құқығының пайда болуы мен тоқтатылуы немесе келісім мәні болып табылатын мүлікке басқа да заттық құқық, егер Уағдаласушы Тараптар келісімінде өзгеше көзделмесе, келісім жасалған жердің заңдары бойынша айқындалады.

42-бап

Мәміле нысаны

1. Мәміле нысаны аумағында ол жасалған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

2. Жылжымайтын мүлік жөніндегі мәміле нысаны мен оған құқық осындай мүлік аумағында тұрған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша белгіленеді.

43-бап Сенімхат

Сенімхат нысаны мен әрекет мерзімі ол берілген аумақтағы Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша айқындалады. Оны пайдаланатын Уағдаласушы Тараптың тілінде не орыс тілінде аудармасы нотариатты куәландырылған осындай сенімхат басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында қандай да бір арнайы куәландырусыз қабылданады.

44-бап Мәміле бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері

Мәміле бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері, егер тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе, аумағында ол жасалған Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша белгіленеді.

45-бап Залалды өтеу

1. Шарттардан және басқа заңды әрекеттерден туындайтын залалды өтеу туралы міндеттемелер аумағында залалдың орнын толтыру жөніндегі талап қою үшін негіз болған әрекет немесе өзге жағдай болған Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша айқындалады.

2. Егер зиян келтіруші мен жәбірленуші бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары болса, онда осы Уағдаласушы Тараптың заңы қолданылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған істер бойынша аумағында залалдың орнын толтыру туралы талап қою үшін негіз болған әрекет немесе өзге жағдай болған Уағдаласушы Тараптың соты құзыретті. Жәбірленуші, сондай-ақ аумағында жауапкердің мекен-жайы орналасқан Уағдаласушы Тараптың сотына талап қоя алады.

46-бап Талап мерзімі

Талап мерзімі мәселелері сәйкес құқықтық қатынастарды реттеу үшін қолданылатын заң бойынша шешіледі.

Ү бөлім. Мұрагерлік

47-бап Теңдік принципі

Әрбір Уағдаласушы Тараптың азаматтары осы Уағдаласушы Тараптың азаматтары сияқты бірдей шарттар мен сол көлемдегі заң бойынша немесе өсиет бойынша басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында мүлікке немесе құқыққа ие бола алады.

48-бап Мұрагерлік құқығы

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайдан басқа мүлікке иелік ету құқығы аумағында мұра қалдырушының соңғы тұрақты мекен-жайы болған Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша айқындалады.

2. Жылжымайтын мүлікке иелік ету құқығы аумағында осы мүлік бар Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша айқындалады.

49-бап

Мұраның мемлекетке ауысуы

Егер мұра ету кезінде қолданылуға жататын Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша мемлекет мұрагер болып табылса, онда жылжитын мұралық мүлік өлер сәтінде мұра қалдырушы азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тарапқа ауысады, ал, жылжымайтын мұралық мүлік аумағында ол орналасқан Уағдаласушы Тарапқа ауысады.

50-бап

Өсиет

Өсиетті жасауға және жоюға адамның қабілеті, сондай-ақ оның нысаны мен оны жою тәртібі өсиет қалдырушының акт жасау кезінде мекен-жайы бар болған Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша айқындалады. Алайда, өсиет немесе оны жою, егер соңғысы оны жасау жерінің заңдарының талаптарын қанағаттандырса, нысанын сақтамау салдарынан жарамсыз деп танылмайды.

51-бап

Мұрагерлік туралы істер жөніндегі құзырет

1. Жылжитын мүлікке мұралық туралы істер жөніндегі өндірісті аумағында мұра қалдырушының қайтыс болу сәтінде мекен-жайы болған Уағдаласушы Тараптың мекемесі жүргізуге құзыретті.

2. Жылжымайтын мүлікке мұралық туралы істер жөніндегі өндірісті аумағында мүлік орналасқан Уағдаласушы Тараптың мекемесі жүргізуге құзыретті.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарындағы ережелер, сондай-ақ мұралық туралы істер жөніндегі өндіріске байланысты туындайтын дауларды қарау кезінде қолданады.

52-бап

Мұралық туралы істер жөніндегі дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің құзыреті

Мұралық туралы істер, соның ішінде мұралық даулар бойынша әрбір Уағдаласушы Тараптардың өкілдері мен консулдық мекемелер, егер олар болмаса немесе өкіл тағайындамаса, өз Уағдаласушы Тараптың азаматтарын басқа Уағдаласушы Тараптардың мекемелерінде арнаулы сенімхатсыз (мұралықтан бас тарту құқығынан басқа) ұсынуға құзыретті.

53-бап

Мұраны қорғау жөніндегі шаралар

1. Уағдаласушы Тараптардың мекемелері өз Уағдаласушы Тараптардың заңдарына сәйкес басқа Уағдаласушы Тараптардың азаматтарымен олардың аумақтарында қалдырылған мұраны қорғауды қамтамасыз ету үшін, немесе оларды басқару үшін қажетті шараларды қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған шаралар туралы мұра қалдырушы азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптың дипломатиялық өкілдігі немесе

консулдық мекемесіне кідіртусіз хабарланады. Көрсетілген өкілдіктер мен мекемелер осы шараларды жүзеге асыруға қатыса алады.

3. Мұралық туралы іс бойынша өндірісті жүргізуге құзыретті Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелерінің өтініші бойынша, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекемелері осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған шаралары өзгертілуі, жойылуы немесе кейінге қалдырылуы мүмкін.

III Тарау **Шешімдерді тану және орындау**

54-бап **Шешімдерді тану және орындау**

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптар осы Конвенциямен көзделген шарттарда басқа Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында шығарылған мынадай шешімдерді:

а) ақша міндеттеріне (бұдан әрі - шешім) қатысты осындай істер мен нотариаттық актілер бойынша сотпен бекітілген бітімгершілік келісімді қоса, Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелерінің азаматтық және отбасылық істер бойынша шешімдерін;

б) залалды өтеу, айыппұл мен тәркілеуге тарту бөлігіндегі қылмыстық істер бойынша соттардың үкімдерін (шешімдерін);

в) талап арызды қамтамасыз ету мақсатында банктік шоттардағы ақша қаражаттарын қоса, мүлікке тыйым салу туралы соттардың шешімдерін таниды және орындайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шешімдерді тану және орындау сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

55-бап **Орындауды талап етпейтін шешімдерді тану**

1. Өзінің сипаты бойынша орындауды талап етпейтін әрбір Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелерімен шығарылған және заңды күшіне енген шешімдері мына шарттарда:

а) сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемелері осы іс бойынша бұрын заңды күшіне енген шешімдер шығармаса;

б) осы Тұжырымдамаға сәйкес, ал олармен көзделмеген жағдайларда аумағында шешім танылуға тиіс Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес іс осы Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің ерекше құзыретіне жатпаса, басы Уағдаласушы Тараптардың аумақтарындай арнайы іс жүргізусіз танылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері, сондай-ақ аумағында шешім шығарылған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес құзыретті мекемелерімен шығарылған қамқоршылық пен қорғаншылық туралы шешімдерге және некені бұзу туралы шешімдерге қатысты.

56-бап **Шешімдерді тану және орындау туралы құзау**

1. Шешімдерді тану және орындау туралы құзау кімнің пайдасына шешім шығарылды сол тараппен шешім орындалуға жататын, құзыретті Уағдаласушы Тараптың сотына беріледі. Ол бірінші сатыда іс бойынша шешім шығарылған сотқа берілуі мүмкін. Осы сот оның шешімін тану және орындау туралы өтінішті өтініш бойынша шешім шығаруға құзыретті сотқа жібереді.

2. Өтінішке қоса беріледі:

а) шешім немесе оның куәландырылған көшірмесі, сондай-ақ шешім заңды күшіне енгендігі және орындалуға жататындығы туралы, немесе егер бұл шешімнің өзін қолданбаса, оның заңды күшіне енгенінше орындалуға жататындығы туралы ресми құжат;

б) процеске қатыспаған қарсы шешім шығарылған тараптың тиісті тәртіп пен уақытылы сотқа шақырылғандығы жөніндегі, ал оның іс жүргізу қабілетсіздігі жағдайында оның тиісті түрде ұсынылғандығы туралы құжат;

в) оны жөнелту сәтінде шешімнің жартылай орындалуын растайтын құжат;

г) шарттық қылмыстылық істер жөніндегі тараптардың келісімін растайтын құжат.

3. Шешімді тану және орындау туралы құзау және оған қоса берілген құжаттар сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың немесе орыс тіліне куәландырылған аудармамен қоса беріледі.

57-бап

Шешімдерді тану және орындау тәртібі

1. Осы Конвенцияның [54-бабында](#) көзделген шешімдерді тану және орындау туралы өтініш аумағында орындауды жүзеге асыратын Уағдаласушы Тараптың сотымен каралады.

2. Шешімді тану және орындау туралы сұрауды қараған сот осы Конвенцияда көзделген шарттардың сақталуын белгілеумен шектеледі. Егер шарттар сақталған болса, сот орындау туралы шешім қабылдайды.

3. Шешімдерді тану және орындау тәртібі аумағында орындалу жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша белгіленеді.

58-бап

Қылмыстық әрекеттен айыппұл өндіру, мүлікті және табыстарды тәркілеу туралы сот шешімдерін орындау

1. Айыппұл өндіру, тәркілеу туралы немесе қылмыстық іс бойынша заттар мен мүліктерді мемлекет кірісіне айналдыру немесе заңсыз жолмен алынған табыстарды тәркілеу туралы сұрау салған Уағдаласушы Тарап сотының шешімі осы Конвенцияның [8, 54, 56, 57, 59-баптарының](#) негіздері бойынша және белгіленген тәртіпте сұрау салынған Уағдаласушы Тараппен орындалады.

2. Айыппұлдан өндірілген сомалар сұрау салған Уағдаласушы Тарапқа беріледі.

3. Сұрау салған Уағдаласушы Тарап қана тәркілеу туралы шешімді қарауға құқылы. Тәркілеуді жүзеге асыру ресімі сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен айқындалады.

Сұрау салған Уағдаласушы Тарап сұрау салған Уағдаласушы Тараппен қойылған, үкімде немесе өзге сот шешімінде олар қалай баяндалса, немесе осы тұжырымдарда осы үкім немесе өзге сот шешімі қалай, қандай көлемде негізделеді, сол көлемде фактілерді анықтауға қатысты тұжырыммен байланысты.

Тәркіленген мүлік немесе оған балама мүлік тәркілеу туралы шешім қойылған Уағдаласушы Тарапқа толықтай немесе жартылай берілуі мүмкін.

Әрбір нақты жағдайда сұрау салған және сұрау салынған Уағдаласушы Тарап сұрау салынған Уағдаласушы Тараппен осы Конвенцияға сәйкес шешімді орындау кезінде алынған мүлікті бөлу туралы шарттасады.

59-бап

Шешімдерді танудан және орындаудан бас тарту

Осы Конвенцияның [54-бабында](#) көзделген шешімдерді танудан және орындаудан бас тарту, егер мына жағдайларда:

а) осы Конвенцияда белгіленген ережелерді бұза отырып шығарылған шешімдер;

б) заңды күшіне енгенге дейін орындалуға жататын шешімдерді қоспағанда, аумағында шешім шығарылған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес, ол заңды күшіне енбеген және орындалуға жатпайтын;

в) жауапкер оған немесе оның өкіліне уақытында және тиісті түрде сотқа шақыру тапсырмау салдарынан процеске қатыспаса;

г) бұрын заңды күшіне енген шешім шығарылған шешімді тануға және орындауға тиіс немесе үшінші мемлекет сотымен танылған шешімі бар, не осы Уағдаласушы Тараптың аумағында осы мән туралы және осы негіздер бойынша, сол тараптардың арасындағы іс бойынша, не осы Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесімен басқа Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің шешімді тану және орындау туралы құзау түскен сәтінде аяқталмаған, бұрын осы іс бойынша іс жүргізу қозғалған болса;

д) осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес, ал олармен көзделмеген жағдайларда аумағында шешім танылуға және орындалуға тиіс Уағдаласушы Тараптың заңына сәйкес іс оның әділет мекемесінің ерекше құзыретіне жатады;

е) шарттық қылмыстылық туралы тараптардың келісімін растайтын құжат болмаса;

ж) сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен көзделген орындаудың талап мерзімі өтіп кетсе;

з) шешімді тану және орындау сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың көпшілік тәртіптеріне қайшы келсе, бас тартылуы мүмкін.

IV Тарау

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас

1 бөлім. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырма

60-бап

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманың мазмұны мен нысаны

1. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырма осы Конвенцияның [7-бабының](#) талаптарына сәйкес жасалады.

2. Тапсырмада, сондай-ақ:

а) жасалған қылмысты сипаттау және саралау, егер ол қылмыстық әрекеттің нәтижесінде келтірілсе, залал мөлшері туралы деректер;

б) іс жүргізу әрекеттері, қылмыстық іс шеңберінде орындау қажет іздестіру немесе жедел-іздестіру іс-шараларының анық тізбесі, сондай-ақ тапсырманы орындауға қажетті басқа да мәліметтер;

в) жауап алу кезінде анықтау қажет сұрақтардың тізбесі;

г) белгілері бойынша қылмыстық іс тергеліп жатқан, заңдар нормаларының толық мәтіні көрсетілуі тиіс.

3. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырмаға, қажетті жағдайларда куәландырылған және тиісті үлгіде куәландырылған, санкцияланған, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленген тәртіпте іс жүргізу әрекетінің іс жүргізуі, іздестіру немесе жедел іздестіру іс-шаралары туралы қаулы қоса беріледі.

61-бап

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындау

1. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті әділет мекемесі осы Конвенцияның [8-бабының](#) талаптарына сәйкес қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындауды қамтамасыз етеді.

2. Сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің осы Конвенцияның [60-бабының 3-тармағында](#) көрсетілген қаулысы, онда көрсетілген іс жүргізу және өзге де әрекеттер іс жүргізу үшін негіз болып табылады. Егер бұл сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың ішкі заңдарына қайшы келмесе, тапсырманы орындау кезінде оларды қосымша заңдастыру талап етілмейді.

3. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі тапсырманы анағұрлым толық және анық орындау мақсатында сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінен қосымша ақпараттар сұратуы мүмкін.

Тапсырманы орындау процесінде сұрау салған және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері, сондай-ақ тергеу іс-әрекеттерін жүргізу барысы, іздестіру немесе жедел іздестіру іс-шаралары туралы ақпараттармен алмаса, бір-біріне қосымша мәліметтер береді, сондай-ақ қосымша тергеу іс-әрекеттерін, іздестіру немесе жедел іздестіру іс-шараларын жүргізу туралы мәселелерге келісе алады.

4. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі тапсырманы орындағаннан кейін, алынған материалдарды сұрау салған Уағдаласушы тараптың әділет мекемесіне немесе тапсырма бастамашысына сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі тапсырмасының орындалуы туралы хабарламамен жібереді.

62-бап

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындау мерзімі

1. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырма сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарында көзделген мерзімде орындалады.

2. Қажет жағдайда, құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманы орындау мерзімі Уағдаласушы Тараптардың құзыретті әділет мекемелерінің келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

63-бап

Бірлескен тергеу-жедел топтарын құру және қызметі

1. Екі және одан да көп Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында не олардың мүдделерін қозғайтын, бір немесе бірнеше адамдармен жасалған қылмыстарды тез және жан-жақты тергеу мақсатында бірлескен тергеу-жедел топтары құрылуы мүмкін.

2. Бірлескен тергеу-жедел топтарын құру туралы ұсыныстар осы Конвенцияның [60-бабында](#) көзделген тәртіпте ресімделеді.

3. Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап бірлескен тергеу-жедел топтарын құру туралы ұсынысты алған күннен кейін 15 күн ішінде сұрау салған Уағдаласушы Тарапты шешім қабылдағаны туралы хабарлайды және келіскен жағдайда бір уақытта оған осы топқа қосылған лауазымды адамдардың тізімін береді.

4. Бірлескен тергеу-жедел топтарының мүшелері тікелей өзара іс-әрекет жасайды, тергеудің негізгі бағыттарын, тергеу әрекеттерін, іздестіру немесе жедел-іздестіру шараларын жүргізуді келіседі, алынған ақпараттармен алмасады. Келісім бойынша олардың қызметтерін үйлестіруді бірлескен тергеу-жедел топтарын құру бастамашысы не оның мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

5. Тергеу әрекеттері, іздестіру немесе жедел іздестіру шаралары аумағында оларды жүргізетін сол Уағдаласушы Тараптың бірлескен тергеу-жедел топтарының мүшелері жүзеге асырады. Бір Уағдаласушы Тараптың бірлескен тергеу-жедел топтарының мүшелерінің басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында тергеу әрекеттерін, іздестіру және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге қатысуы осы Конвенцияның [8-бабында](#) көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

64-бап

Белгіленген шарттарда тапсырманы орындау

1. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі, егер оны тезарада орындау сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында жүргізілетін тергеу немесе сот талқылауына кедергі жасаса, тапсырманы орындауды кейінге қалдыру не жартылай орындауы мүмкін.

2. Тапсырманы орындауды кейінге қалдыру немесе жартылай орындау туралы мәселе шешілгенге дейін сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі белгіленген шарттарда тапсырманы орындау мүмкіншіліктерін қарайды. Егер сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі осындай шарттарға келіссе, онда ол бұл туралы сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне жазбаша хабарлайды және қойылған шарттарды орындайды.

65-бап

Тапсырманы орындау нәтижесінде алынған дәлелдердің құқықтық мәні

Сұрау салынған Уағдаласушы Тараппен тапсырманы орындау нәтижесінде алынған дәлелдер оның заңдарына сәйкес және сұрау салған Уағдаласушы Тарапта осындай дәлелді мәнге ие.

II бөлім. Ұстап беру

66-бап

Ұстап беру міндеті

1. Уағдаласушы Тараптар осы Конвенцияда көзделген шарттарға сәйкес бір-біріне сұрау салу бойынша олардың аумақтарында орналасқан адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін және үкімді орындауды жүргізу үшін бір-біріне ұстап беруге міндеттеме алады.

2. Сұрау салған және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптардың ішкі заңдары бойынша осындай әрекет үшін қылмыстық жазаланатын болып табылса және жасалғаны үшін кемінде бір жыл немесе одан да көп мерзімде бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделетін қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ұстап беру жүргізіледі.

3. Үкімді орындау үшін ұстап беру сұрау салған және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптардың ішкі заңдарына сәйкес жазаланатын болып табылса және оны жасағаны үшін ұстап берілуі сұрау салынып отырған адам кемінде алты ай мерзімге немесе одан қатаң жазаға жазаланған қылмыстар үшін жасалды.

4. Сұрау салынып отырған адамның әрекеті сұрау салынған немесе сұрау салған Уағдаласушы Тараптардың ішкі заңы бойынша қылмыстық жазаланатын болып табылатындығы туралы мәселені шешу кезінде қылмыстың жекелеген белгілерін сипаттаудағы және пайдаланатын терминологиядағы айырмашылықтарының маңызы жоқ.

67-бап

Ұстап беру туралы сұрау

1. Ұстап беру туралы сұрау салу мына мәліметтерді:

а) сұрау салған және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелерінің атауын;

б) ұстап беру туралы сұрау салумен жүгінуге негіз болған қылмыстың іс жүзіндегі жағдайларын сипаттау, және осы әрекетті қылмыс деп тануды негізінде алған, осы заңда көзделген жаза шарасы көрсетілген сұрау салған Уағдаласушы Тараптың заңының мәтінін;

в) ұстап берілуге тиіс адамның тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы мен жері, азаматтығы, тұратын немесе орналасқан жері, мүмкіндігінше сыртқы түрін, суретін, саусақтарының таңбалары мен оның жеке басы туралы басқа да мәліметтер сипаттамасын;

г) қылмыспен келтірілген залал мөлшері туралы деректер және оны өтеу туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

2. Қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ұстап беру туралы сұрау салуға қамауға алу қорытындысы мен айыпкер ретінде тартылғандығы туралы қаулының куәландырылған көшірмесі қоса берілуі тиіс.

3. Үкімді орындау үшін ұстап беру туралы сұрау салуға оның заңды күшіне енгені туралы белгімен үкімнің куәландырылған көшірмесі және адамды соттауда негізге алынған қылмыстық заң ережесінің мәтіні қоса берілуі тиіс. Егер сотталған адам жазаның бір бөлігін өтеген болса, онда бұл жайлы да деректер хабарланады.

4. Ұстап беру туралы сұрау салу және оған қоса берілген құжаттар осы Конвенцияның [7-бабының](#) 3-тармағына және [7-баптың](#) ережелерін сақтай отырып ресімделеді.

68-бап

Оны ұстап беру туралы сұрау салу алынғаннан кейін адамның орналасқан жерін анықтау және қамауға алу

Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесі ұстап беру туралы сұрау салуды алғаннан кейін ұстап беруді жүргізу мүмкін емес жағдайларды қоспағанда, ұстап беруге сұрау салу салынып отырған адамның орналасқан жерін анықтауға және оны қамауға алуға тез арада шаралар қабылдайды.

69-бап

Ұстап беру туралы сұрау салуды алғанға дейін адамға іздеу салу

1. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті әділет мекемелері ұстап беруді жүргізу мүмкін емес жағдайларды қоспағанда, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында жүр деп болжауға негіздер болған жағдайда, оны ұстап беру туралы сұрау салуды алғанға дейін тапсырма бойынша адамға іздеу салуды жүзеге асырады.

2. Іздеу салуды жүзеге асыру туралы тапсырма осы Конвенцияның [7-бабының](#) ережелеріне сәйкес жасалады және онда адамның орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік беретін кез келген басқа ақпаратпен қоса іздеу салынып отырған адамды барынша толық сипаттау, бұл адамды ұстап беру туралы сұрау салудың берілетіндігі көрсетіліп, қамауға алу туралы өтініш болуға тиіс.

3. Іздеу салуды жүзеге асыру туралы тапсырмаға сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінің іздеу салынған адамды қамауға алу қорытындысы туралы шешімнің не заңды күшіне енген үкімнің куәландырылған көшірмесі, жазаның өтелмеген бөлігі туралы мәліметтер, сондай-ақ сурет және саусақтарының бедері (егер бұлар болса) қоса берілуі тиіс.

4. Ұстап беру туралы сұрау салуды алғанға дейін адамға іздеу салу жүргізілген нәтижесі туралы сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесіне тез арада ақпарат беріледі.

70-бап

Ұстап беру туралы сұрау салу алынғанға дейін қамауға алу немесе ұстау

1. Ұстап берілуі сұрау салынып отырған адам ұстап беру туралы сұрау салу алынғанға дейін өтініш бойынша қамауға алынуы мүмкін. Құзауда қамауға алу туралы сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінің шешіміне немесе заңды күшіне енген үкімге сілтеме жасалуға тиіс, және ұстап беру туралы сұрау салудың қосымша

берілетіндігі туралы айтылуға тиіс. Ұстап беру туралы сұрау салу алынғанға дейін қамауға алу туралы өтініш түпнұсқасы бірмерзімде пошта немесе курьермен жіберуімен, техникалық коммуникация құралдарын пайдаланумен жөнелтілуі мүмкін.

2. Ұстап берілуі сұрау салынған адам ұстап беру туралы сұрау салу алынғанға дейін және оған халықаралық (мемлекетаралық) іздеу салу жариялануына байланысты қамауға алынуы мүмкін. Осындай жағдайларда сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінің бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу шешімі туралы немесе заңды күшіне енген үкімі оны қамауға алуға негіз болып табылады.

3. Егер, ол басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында ұстап беруге әкелетін қылмыс жасады деп күдіктенуге ішкі заңдармен көзделген негіздер болса, адам осы баптың 1-тармағында көрсетілген өтінішсіз де ұсталынуы мүмкін.

4. Ұстап беру туралы сұрау салу алынғанға дейін қамауға алу немесе ұстау туралы сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесіне тез арада хабарланады.

71-бап

Ұстап беру туралы сұрау салуды қарау мерзімі

1. Ұстап беру туралы сұрау салу, егер осы Уағдаласушы Тараптың заңдарында өзгеше белгіленбесе, сұрау салынған Уағдаласушы тараптың құзыретті әділет мекемесіне түскеннен кейін 30 күн ішінде қаралуға жатады. Ұстап беру туралы сұрау салуды қарау нәтижесі туралы сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне хабарланады.

2. Егер ұстап беру туралы сұрау салу барлық қажетті деректерді қамтымаса, онда сол үшін 30 күн мерзім белгіленсе, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесі қосымша мәліметтер сұратуы мүмкін. Бұл мерзім сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің өтініш бойынша тағы да 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

72-бап

Қамауға алынған адамды ұстау

1. Сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесімен шығарылған немесе егер, бұл оның заңдарымен көзделсе, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінің қамауға алу қорытындысы туралы шешімі оны ұстаудың орнына қамауға алу, ұстап беру туралы мәселе шешіліп жатқан, қамауға алынған (ұсталынған) адамды орналастыру үшін негіз болып табылады.

2. Қамауға алынған (ұсталынған) адамды ұстау сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

73-бап

Ұстап берілуге жататын адамды қамауда ұстау мерзімін ұзарту

Осы Конвенцияда белгіленген мерзімде адамды ұстау беруге кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда, өндірісінде қылмыстық іс бар сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесі ішкі заңдарына сәйкес қамау берілетін адамды ұстау мерзімін ұзарту туралы шешеді және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесіне бұл туралы тиісті үлгіде куәландырылған көшірмесін жібереді.

74-бап

Қамауда ұстау мерзімін есептеу

Сұрау салынған Уағдаласушы тараптың аумағындағы қамауға берілетін адамды ұстау уақыты мен ұстау, сондай-ақ оны жөнелту уақыты сұрау салған Уағдаласушы тараппен оны қамауда ұстаудың жалпы мерзіміне қосылады.

75-бап

Қамауға алынған адамды босату

Осы Конвенцияға сәйкес сұрау салынған Уағдаласушы тараптың аумағында қамауға алынған адам, егер:

а) сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінен осы адамды босату қажеттілігі туралы хабарлама түссе;

б) осы Конвенцияның [67-бабында](#) көзделген ұстап беру туралы сұрау салу және оған қоса берілетін құжаттар іздеу салынған адамды ұстаған және қамауға алынған сәттен бастап 40 күн ішінде берілмесе;

в) осы Конвенцияның [71-бабының 2-тармағына](#) сәйкес ұстау беру туралы сұрау салуға сұрау салынған Уағдаласушы Тараппен сұратылған қосымша мәліметтер осы бапта белгіленген мерзімде берілмесе;

г) қамауға алу қорытындысы туралы шешімде көрсетілген берілуге тиісті адамды қамауда ұстау мерзімі аяқталса және сұрау салған Уағдаласушы Тарап осы мерзімді ұзарту туралы шешімнің көшірмесін бермесе дереу босатылуы тиіс.

76-бап

Қорғау құқығын қамтамасыз ету

1. Қамауға алынған (ұсталған) адамдар осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес әрбір Уағдаласушы Тараптардың аумағында олардың заңдарына сәйкес қорғауға құқығы бар.

2. Қамауға алынған адамдардың, олардың қорғаушыларының немесе заңды өкілдерінің қамауға алу қорытындысы түрінде бұлтартпау шарасын қолдануға, қамауда ұстау мерзімін ұзартуға шағымдары сотқа, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың өзге құзыретті әділет мекемесіне беріледі.

Сот, сұрау салынған Уағдаласушы тараптың өзге құзыретті әділет мекемесі іздеу салынған адамды қамауға алу (ұстау) жері бойынша көрсетілген адамдардың шағымдарын қарау кезінде осы Конвенция ережелерінің сақталуын тексерумен шектеледі.

77-бап

Ұстап беруді кейінге қалдыру

1. Егер ұстап беруге сұратылған адам басқа қылмыс жасағаны үшін сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында қылмыстық жауапкершілікке тартылса немесе сотталса, онда оны ұстап беру қылмыстық қудалау тоқтатылғанға, үкім орындалғанға дейін немесе жазадан босатылғанға дейін не оны өтегенге дейін кейінге қалдырылуы мүмкін.

2. Ұстап беруді кейінге қалдыру туралы сұрау салған Уағдаласушы Тарапқа хабарланады.

78-бап

Уақытша ұстап беру

1. Егер осы Конвенцияның [77-бабында](#) көзделген ұстап беруді кейінге қалдыру қылмыстық қудалау мерзімі ескеруінің бітуіне әкелетін болса немесе қылмысты тергеуге зиян келтіретін болса, онда ұстап беруге сұратылған адам өтініш бойынша уақытша берілуі мүмкін.

2. Уақытша берілген адам осы адам берілген қылмыстық іс бойынша іс жүргізу әрекеттері жүргізілгеннен кейін, бірақ адам берілген күннен бастап 90 күннен кешіктірілмей сұрау салынған Уағдаласушы Тарапқа қайтарылуы тиіс. Негізделген жағдайларда бұл мерзім сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет

мекемесінің өтініші бойынша сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесімен ұзартылуы мүмкін.

79-бап

Ұстап беру туралы сұрау салулардың қайшылықтары

Егер ұстап беру туралы сұрау салулар бірнеше Уағдаласушы Тараптардан түссе, онда сұрау салынған Уағдаласушы Тарап осы сұрау салулардың қайсысын қанағаттандыруы тиістігін дербес шешеді.

80-бап

Ұстап берген адамды қылмыстық қудалаудың шектері

1. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың келісімінсіз ұстап берген адам, ұстап берілгенге дейін жасаған үшін ол ұстап берілмеген қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілікке тартыла немесе жазалана алмайды.

2. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың келісімінсіз адам үшінші мемлекетке беріле алмайды.

3. Егер ұстап берілген адам қылмыстық іс жүргізу аяқталғаннан кейін 30 күн өткен соң, ал сотталған жағдайда - жаза өтелген немесе одан босатылған соң 30 күн өткен соң сұрау салған Уағдаласушы Тараптың аумағынан кетпесе немесе ол онда өз еркімен қайта оралса, осы баптың 1, 2-тармақтарында көрсетілген сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың келісімі талап етілмейді. Бұл мерзімге ұстап берілген адам өзіне байланысты емес себептер бойынша сұрау салған Уағдаласушы Тараптың аумағынан кете алмаған уақыты есептелмейді.

81-бап

Өлім жазасын қолдану

Осы Конвенция және сұрау салынған әрі сұрау салған Уағдаласушы Тараптардың заңдарына зиян келтірмеу мақсаты үшін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес ұстап берілген адамға қатысты өлім жазасы, егер осы жаза сұрау салынған Уағдаласушы Тарапта қолданбаса, сұрау салған Уағдаласушы Тарапта қолданбайды.

82-бап

Ұстаған адамды беру

1. Ұстап беру туралы сұрау салу қанағаттандырылған жағдайда сұрау салынған Уағдаласушы Тарап сұрау салған Уағдаласушы Тарапқа ұсталған адамды беру орны мен уақыты туралы хабарлайды және оны беру орнына жеткізеді.

2. Егер сұрау салған Уағдаласушы Тарап берілу күні келісілгеннен кейін 15 күн ішінде, берілуге жататын адамды қабылдамаса, онда бұл адам қамаудан босатылуы тиіс. Негізделген жағдайларда ұстап берілетін адамды берудің белгіленген мерзімі сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінің өтініші бойынша 15 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

83-бап

Ұстап беруге байланысты қайта қамауға алу

1. Осы Конвенцияның [75-бабының](#) "а" тармағына, [82-бабының](#) 2-тармағына сәйкес адамды босату ұстап беру туралы жаңа сұрау салу түскен жағдайда ұстап беру мақсатында оны қайтадан қамауға алуға кедергі келтірмейді.

2. Осы Конвенцияның [75-бабының](#) "б", "в" және "г" тармақтарына сәйкес босатылған адам егер ұстап беру туралы сұрау салу ұстап беру туралы сұрау салуға қосымша

мәліметтер немесе қамауда ұстау мерзімін ұзарту туралы шешім белгіленген мерзім аяқталған соң түсетін болса, ұстап беру мақсатында қайтадан қамауға алынуы мүмкін.

84-бап **Қайтадан ұстап беру**

1. Егер ұстап берілген адам ол берілгенге байланысты қылмысы үшін қылмыстық қудалаудан немесе жазаны өтеуден жалтарса, және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағына қайта оралса, онда жаңа сұрау салу бойынша ол осы Конвенцияның [67-бабында](#) аталған материалдар берілмей ұстап берілуге тиіс.

2. Егер адам сұрау салған Уағдаласушы Тараптың аумағында жаңа қылмыс жасаса немесе оған тағылған айыптың көлемі өзгерсе, қайтадан ұстап беру жалпы негіздер мен осы Конвенцияға сәйкес жүзеге асырылады.

85-бап **Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу нәтижелері туралы хабарлама**

Уағдаласушы Тараптар ұстап берілген адамға қатысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің нәтижелері туралы бір-біріне хабарлайды. Өтініш бойынша соңғы шешімнің көшірмесі де жіберіледі.

86-бап **Транзиттік тасымалдау, этаппен алып жүру**

1. Бір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша транзиттік тасымалдауға рұқсат береді, сондай-ақ белгіленген тәртіпте өзінің аумағы бойынша басқа Уағдаласушы Тараппен үшінші мемлекетке ұстап берілген немесе берілген адамдарды этаппен алып жүруді жүзеге асырады. Егер ол транзит жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тараптың аумағында аралыққа тоқтамастан әуе көлігімен жүзеге асырылса, транзиттік тасымалдауға рұқсат талап етілмейді.

2. Транзиттік тасымалдау, этаппен алып жүру туралы өтініш ұстап беру туралы сұрау салу тәртібімен жасалады және қаралады.

3. Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап ұстап берілген адамды өзі барынша орынды деп есептейтін әдіспен және сол бағыт бойынша транзиттік тасымалдауға рұқсат береді.

87-бап **Ұстап беруге, транзиттік тасымалдау мен этаппен алып жүруге байланысты шығыстар**

Ұстап беруге, беру уақыты мен этаппен алып жүруге байланысты шығыстарды ол аумағында пайда болған Уағдаласушы Тарап, ал транзиттік тасымалдауға байланысты шығыстарды - сұрау салған Уағдаласушы Тарап көтереді.

88-бап **Ұстап беру мәселелері бойынша қатынас тәртібі**

Ұстап беру мәселелері бойынша қатынас, егер олардың ішкі заңдарында өзгеше тәртіп белгіленбесе, Уағдаласушы тараптардың бас прокурорларымен (прокурорларымен) жүзеге асырылады.

89-бап **Ұстап беруден бас тарту**

1. Егер:

а) ұстап берілуі сұратылып отырған адам сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың азаматы болса;

б) ұстап беру туралы сұрау салу алынған сәтте сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес қылмыстық қудалау қозғала алмаса немесе талап мерзімінің өтіп кетуі салдарынан не басқа заңды негіздер бойынша үкім орындала алмаса;

в) ұстап беруге сұратылған адамға қатысты сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында дәл сол қылмысы үшін заңды күшіне енген үкім немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылса;

г) сұрау салған немесе сұрау салынған Уағдаласушы Тараптардың заңнамасына сәйкес ұстап беруді сұратуға байланысты іс-әрекет тек жеке айыптау тәртібімен (жәбірленушінің арызы бойынша) қудаланса;

д) ұстап беру сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне зиян келтірсе;

е) нәсілі, жынысы, дін ұстануына, этникалық қатыстығына немесе саяси сенімі белгілері бойынша адамды қудалауға байланысты ұстап беру туралы сұрау салуға дәлелді негіздер болса;

ж) ұстап беруді сұратуға байланысты әрекет сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңнамасы бойынша әдеттегі қылмыстық құқыққа сәйкес қылмыс болып табылмайтын әскери қылмысқа жатса;

з) ұстап беруге сұратылған адам бұрын сұрау салынған Уағдаласушы Тараппен үшінші мемлекетке берілсе және осы мемлекеттің ұстап беруге келісімі алынбаса;

и) ұстап беруге сұратылған адамға сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында паналатса;

к) сұрау салған және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген өзге де негіздер болса ұстап беру жүргізілмейді.

2. Ұстап беруді сұратуға байланысты іс-әрекет сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында жасалса, ұстап беруден бас тартылуы мүмкін.

3. Ұстап беруден бас тартылған жағдайда сұрау салған Уағдаласушы Тарап бұл туралы шешім қабылдаған сәттен 10 күн ішінде бас тарту негіздері туралы хабарлауы тиіс.

90-бап

Ұстап берілмеген адамды қылмыстық қудалау

Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесі сұратылған адамды ұстап беруден бас тартқан жағдайда сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінің өтініші мен материалдары негізінде Уағдаласушы Тараптың заңнамасына сәйкес ұстап беруден бас тартылған адамға қатысты қылмыстық қудалау туралы мәселені шешеді.

III бөлім. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру

91-бап

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру міндеті

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың тапсырмасы бойынша Уағдаласушы Тараптың заңнамасына сәйкес сұрау салған Уағдаласушы Тараптың аумағында қылмыс жасады деп күдікті, айыпты өз азаматтарына қарсы қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Қылмыстық қудалауды Уағдаласушы Тараптар сондай-ақ олардың аумағындағы азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік азаматтарға қатысты, оларды беруден бас тартқан жағдайда жүзеге асырады.

2. Егер қылмыстық қылмыс іс қозғалған қылмыстан зиян шеккен адамдардың азаматтық-құқықтық талаптарына әкеп соқса, онда залалды өндіру туралы осындай адамдардың өтініші болған кезде, бұл талаптар осы істе немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде қаралады.

3. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың қылмыстық қудалауы осы Уағдаласушы Тарапта әрекет қылмыстық жазалау болып табылған шарттарда жүзеге асырылуы мүмкін.

Жасаған қылмысы үшін соттау кезінде тағайындалатын жаза сұрау салған Уағдаласушы Тараптың заңнамасында көзделген жазадан қатаң болуы мүмкін емес.

92-бап

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма

1. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма:

а) сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің атауын;

б) сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің атауын;

в) қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырманың жіберуіне байланысты әрекеттің сипаттамасын;

г) әрекеттің жасалған уақытын, орны мен мән-жайын мүмкіндігінше нақты көрсетілуін;

д) негізінде іс-әрекет қылмыс деп танылатын сұрау салған Уағдаласушы Тараптың заңының мәтіні, сондай-ақ іс бойынша жүргізу үшін елеулі маңызы бар басқа да заңнамалық нормалардың мәтіндерін;

е) күдікті немесе айыпты адамның тегі, аты және әкесінің аты, оның азаматтығы, сондай-ақ оның жеке басы туралы басқа да мәліметтер;

ж) жәбірленушінің арызы бойынша қозғалатын қылмыстық істер бойынша жәбірленушілердің арыздарын және зиянды өтеу туралы арыздарды;

з) қылмыспен келтірілген зиян мөлшерін көрсетуді қамтуға тиіс.

Тапсырмаға сұрау салған Уағдаласушы Тараптың иелігіндегі қылмыстық іс материалдары қоса беріледі, бұл ретте сұрау салған Уағдаласушы Тараптан алынған дәлелдер оның ішкі заңнамасына сәйкес сұрау салынған Уағдаласушы Тарапта да дәлелді маңызы бар.

2. Сұрау салған Уағдаласушы Тарап қозғалған қылмыстық істі жолдаған кезде бұл іс бойынша тергеуді оның ішкі заңнамасына сәйкес сұрау салынған Уағдаласушы Тарап жалғастырады. Сұрау салған Уағдаласушы Тарап қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма жолдағанға дейін тергеу айыпкерді қамауда ұстау және іс бойынша іс жүргізуді қайта жаңғырту мерзімдерін ұзарту туралы мәселені шешеді.

3. Істегі әрбір құжат сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінің елтаңбалық мөрімен куәландырылуға тиіс.

4. Тапсырма және оған қоса берілген құжаттар осы Конвенцияның [7](#) және [17-баптарының](#) ережелеріне сәйкес жасалады.

5. Егер айыпкер қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырманы жолдаған сәтте сұрау салған Уағдаласушы Тараптың аумағында қамауда ұсталса, онда ол сұрау салынған Уағдаласушы Тарапқа беріледі.

93-бап

Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма алғанға дейін азаматтарын қамауға алу

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандары үшін азаматтарын оларға қарсы қылмыстық

қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма алғанға дейін қамауға алуы мүмкін. Өтініште қамауға алу туралы қаулыға сілтеме қамтылуы және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма қосымша берілетіндігі көрсетілуі тиіс.

Көрсетілген өтініш пен қамауға алу туралы қаулы қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма алғанға дейін бір уақытта түпнұсқаны пошта немесе курьер арқылы жіберіліп, техникалық коммуникация құралдарын пайдалана отырып берілуі мүмкін.

2. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылатын адамды қамауға алу туралы іс жүргізуінде қылмыстық іс бар сұрау салған Уағдаласушы Тарапқа дереу (факс, телефон, телеграф арқылы және т.б бойынша) хабарлайды және осы Конвенцияның [91-бабына](#) сәйкес осы адамды қылмыстық қудалау үшін тиісті материалдарды жіберу туралы мәселені қояды.

3. Осындай адамды қылмыстық қудалау кезінде сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңнамасы қолданылады.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қамауға алынған адам, егер қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма осы Конвенцияның [92-бабында](#) көзделген оған қоса берілетін барлық құжаттармен бірге сұрау салынған Уағдаласушы Тараппен осы адамды қамауға алған күннен бастап 40 күн ішінде алынбаса, босатылуға жатады.

Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап ішкі заңнаманың негізінде осы адамды қылмыстық қудалау туралы мәселені шешеді.

94-бап

Қылмыстық қудалау мәселесі бойынша қатынас тәртібі

Қылмыстық қудалау туралы мәселе бойынша қатынас, егер олардың ішкі заңнамасында өзгеше тәртіп белгіленбесе, Уағдаласушы Тараптардың бас прокурорларымен (прокурорларымен) жүзеге асырылады.

95-бап

Құқықтық құзырға көшу

1. Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап іс жүргізуіне қылмыстық істі қабылдаған сәттен бастап сұрау салған Уағдаласушы Тарап күдікті, айыпкер адамды қылмыстық қудалау туралы мәселе қойылуға байланысты әрекеті үшін жауапкершілікке тарта алмайды.

2. Қылмыстық қудалау құқығы егер сұрау салынған Уағдаласушы Тарап оның өтінішін орындауға шара қабылдасаса немесе оны орындаудан бас тартса, сұрау салған Уағдаласушы Тарапқа өтеді.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда, сұрау салынған Уағдаласушы Тарап оған берілген қылмыстық қудалау материалдары мен дәлелдерді қайтарады.

96-бап

Соттың іс жүргізуіндегі қылмыстық істерді беру тәртібі

1. Сот мәжілісіне келуден жалтарған және соттан жасырынған сотталушыларға қатысты қылмыстық істер сұрау салынған Уағдаласушы Тарап олардың орналасқан жерін және азаматтылығы анықтаған кезде немесе ұстап беруден бас тартқан жағдайда іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуды бұзғаннан кейін қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін осы Конвенцияның [92-бабында](#) көзделген тәртіпте сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесіне жібереді.

2. Қосымша тергеу жүргізу кезінде істі аяқтау мен қарауда сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдары және осы Конвенцияның [90-бабы](#) қолданылады.

97-бап

Қылмыстық қудалау нәтижелері туралы хабарлау

Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап сұрау салған Уағдаласушы Тарапқа қылмыстық қудалау туралы оның тапсырмасы бойынша қабылдаған соңғы шешімі туралы хабарлауға міндетті. Сұрау салған Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша оған соңғы шешімнің көшірмесі жіберіледі.

98-бап

Қылмыстық қудалау туралы қабылданған шешімнің салдары

Егер Уағдаласушы Тарапқа осы Конвенцияның [91-бабына](#) сәйкес қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма заңды күшіне енген үкім немесе сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінің сол әрекет бойынша өзге соңғы шешімі қабылданғаннан кейін жіберілсе, онда осы әрекетті жасау фактісі бойынша сұрау салған Уағдаласушы тараптың құзыретті әділет мекемесімен қылмыстық іс қайта қозғалуы мүмкін емес, ал олармен қозғалған іс тоқтатылуға жатады.

99-бап

Мән-жайларды ауырлататын және жеңілдететін жауапкершілік

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап қылмысты тергеген және соттармен қылмыстық істерді қараған кезде ол қай Уағдаласушы Тараптың аумағында туындағанына қарамастан, оның заңдарымен көзделген ауырлататын және жеңілдететін мән-жайды ескереді.

2. Адамды аса қауіпті рецидивист деп тану немесе оның әрекетінде рецидивтің әртүрлі түрлері бар болуы туралы, қылмысты қайтадан жасау фактілері мен шартты сотталғанға, үкімнің орындалуын кейінге қалдырғанға немесе шартты-мерзімнен бұрын босатуға байланысты міндеттерді бұзу анықтау туралы мәселені шешкен кезде Уағдаласушы Тараптардың әділет мекемелері бұрынғы (трибуналмен) КСРО мен оның құрамына кірген одақ республикалар соттарымен, сондай-ақ әрбір Уағдаласушы Тараптың соттарымен шығарылған үкімдерін тануы және ескеруі мүмкін.

100-бап

Қылмыстық істерді біріктіру

1. Адаммен немесе адам топтарымен екі немесе одан да көп Уағдаласушы Тараптың аумақтарында қылмыс жасалған кезде осы қылмыстар туралы қылмыстық істер Уағдаласушы Тараптардың тиісті құзыретті әділет мекемесінің өтініші бойынша бір өндіріске біріктірілуі мүмкін.

Істерді біріктіру осы Конвенцияның [91](#) және [92-баптарының](#) талаптары сақтала отырылып жүргізіледі.

101-бап

Екі немесе бірнеше Уағдаласушы Тараптарының соттарына жататын істерді қарау тәртібі

Бір адамды немесе адамдар тобын, біріктірілген және екі немесе одан да көп Уағдаласушы Тараптардың соттарына жататын істер, бірнеше қылмыс жасауда айыптау кезінде аумағында алдын ала тергеу аяқталған осы Уағдаласушы Тараптың соттары оларды қарауға құзыретті. Бұл жағдайда іс осы Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес қаралады.

102-бап

Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудан бас тарту

1. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыруда, егер:

а) қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырманы алған сәтте адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін мерзімі өткен болса;

б) қылмыстық қудалау туралы мәселеге қатысты адам сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында сол қылмысы үшін іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы немесе заңды күшіне енген үкім шығарылса, немесе қылмыстық істі қозғаудан бас тартылса;

в) жасалған әрекет үшін жаза қолдауын мүмкіншілігін алып тастайтын, Рақымшылық туралы акт бар болса;

г) онымен қоғамға қауіпті әрекет жасалған сәтте адам сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңы бойынша қылмыстық жауапкершілік жүктелетін жасқа толмаса бас тартылады.

2. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыруда сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша бас тартылуы мүмкін.

3. Қылмыстық қудалауды жүзеге асырудан бас тартылған жағдайда сұрау салған Уағдаласушы Тарап бұл туралы шешім қабылдаған сәттен 10 күн ішінде бас тарту негіздері туралы жазбаша хабарлануы тиіс.

IV бөлім. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және қатынастар туралы арнайы ережелер

103-бап

Заттарды беру

1. Уағдаласушы Тараптар бір-біріне өтініш бойынша:

а) қылмысты жасау кезінде пайдаланылған заттарды, соның ішінде қылмыс құралдарды; қылмыс нәтижесінде алынған немесе оны жасағаны үшін сыйақы ретінде алынған заттарды немесе қылмыскер осындай жолмен алған заттардың орнына алынған заттарды;

б) қылмыстық істе дәлел бола алатын заттарды: бұл заттар қылмыскердің қайтыс болуы, қашып кетуі себебінен немесе өзге жағдайлар бойынша оны ұстап беру жүзеге асырыла алмайтын жағдайларда да беріледі.

2. Егер осы баптың 1-тармағында аталған заттар сұрау салынған Уағдаласушы Тарапқа қылмыстық істегі дәлелдер ретінде қажет болса, іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға дейін оларды беру кейінге қалдырыла алады. 3. Берілген заттарға деген үшінші адамдардың құқықтары күшінде қалады. Іс бойынша іс жүргізу аяқталған соң бұл заттар егер ол олардан бас тартпаса, оларды берген Уағдаласушы Тарапқа ақысыз қайтарылуға тиіс.

104-бап

Мүлікке іздеу салу, тыйым салу мен тәркілеуін қамтамасыз ету мәселелерінде құқықтық көмек

1. Уағдаласушы Тараптар өздерінің заңдары мен осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес бір-біріне қылмыстық жолмен алынған мүлікті, ақшаны және құндылықтарға, сондай-ақ айыпкерге (күдіктіге, сотталушыларға) қылмыстық әрекеттен тиісті табыстарға іздеу салу, тыйым салу және алуда, қылмыстан жәбірленушілерге (азаматтық талапкер) зиянды өтеуде, айыппұл өндіру туралы және тәркілеу туралы соттардың шешімін орындауда құқықтық көмек көрсетеді.

2. Осы мақсатта Уағдаласушы Тараптардың құзыретті әділет мекемелері қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырманың негізінде ішкі заңдарына сәйкес қылмыстық жолмен алынған мүліктер, ақшалар мен құндылықтарды, сондай-ақ айыпкерге (сотталушыға, сотталғанға) қылмыстық әрекеттен тиісті табыстарды табуға

бағытталған барлық қажетті тергеу, іздеу салу немесе жедел-іздеу салу іс-шараларын орындайды.

Осындай мүлік, ақша, құндылықтар мен табыстарды анықтап Уағдаласушы Тараптардың құзыретті әділет мекемесі олармен кез келген операциялар мен оларды алудың алдын алу үшін тыйым салу түрінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды.

3. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесі өзінің юрисдикциясында қылмыстық жолмен алынған мүлік, ақшалар мен құндылықтарды анықтап, оларды айғақ заттар ретінде қылмыстық іске қосу және қылмыспен келтірілген зиянды өтеуге, оны заңды иелеріне қайтару үшін сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесіне береді.

4. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесі айыпкерге (сотталушыға, сотталғанға) қылмыстық әрекеттен түскен ақшаға, құндылықтарға және мүліктерге, табыстарға тыйым салып, қылмыспен келтірілген зиянды өтеуге айналдыру және осы Конвенцияның [58-бабында](#) көзделген ережелерін ескере отырып, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың сотының заңды күшіне енген үкімінің негізінде тәркілеу мақсатында олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесі егер олар қылмыстық қудалауды немесе басқа (үшінші) адамның құқықтары туралы дауларды шешуді жүзеге асыруға байланысты оларға қажет болса, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесіне қылмыстық жолмен алынған мүліктер, ақшалар мен құндылықтарды, сондай-ақ айыпкерге (сотталушыға, сотталғанға) қылмыстық әрекеттен тиісті табыстарды беруді кейінге қалдыруы мүмкін.

105-бап

Бейне байланыстарының құралдарын пайдалану

Уағдаласушы Тараптардың құзыретті әділет мекемелері құқықтық көмек көрсету кезінде өзара келісім бойынша бейне байланыстарының құралдарын пайдалануға құқылы. Бейне байланыстарының құралдарын пайдалану Уағдаласушы Тараптардың ішкі заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

106-бап

Қамауда отырған немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан адамды уақытша беру

1. Басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында қамауда отырған немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан адамнан куә немесе жәбірленуші ретінде жауап алу, сондай-ақ оның қатысуымен өзге тергеу әрекетін жүргізу қажет болған жағдайда, бұл адам, оның азаматтығына қарамастан, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың негізделген өтініші бойынша, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың әділет мекемесінің орталық органының шешімі бойынша оны қамауда ұстау және белгіленген уақытта қайтару шартымен оған уақытша берілуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған адамды уақытша беру туралы өтініш осы Конвенцияның [7-баптың](#) ережелеріне сәйкес жасалады және сонымен қатар онда бұл адамның сұрау салған Уағдаласушы Тарапта болуы талап етілетін уақыт көрсетілуге тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамды, егер:

а) осындай беруге оның келісімі алынбаса;

б) сұрау салынған Уағдаласушы Тарап аумағында ол алдын-ала тергеуде және сот тергеуде болу қажет болғанда;

в) осындай ұстап беру бұл адамды қамауда ұстаудың немесе оның бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуінің белгіленген мерзімдерін бұзатын болса, уақытша беру жасалмайды.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамға осы Конвенцияның 9-бабының 1-тармағында көзделген кепілдіктер таратылады.

107-бап

Айыптау үкімдері мен соттылығы туралы мәліметтер беру туралы хабарлама

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптар жыл сайын басқа Уағдаласушы Тараптарға бір уақытта сотталғандардың бар саусақтарының таңбаларын жібере отырып, тиісті Уағдаласушы Тараптардың азаматтарына қатысты оның соттарымен шығарылған, заңды күшіне енген айыптау үкімдері туралы мәліметтер хабарлайды.

108-бап

Бақылаудағы жеткізу

Уағдаласушы Тараптар ішкі заңдарына сәйкес тергеу жүргізілетін қылмыстық іс бойынша қылмысты жасауға қатысушы адамдарды анықтау, дәлелдерді алу және қылмыстық қудалауды қамтамасыз ету мақсатында бақылаудағы жеткізу әдістерін пайдалануда құзыретті әділет мекемелерінің өзара сенімхаттар негізінде қамтамасыз ететін шараларды қабылдайды. Ү бөлім. Үкімдерді тану және орындау

V бөлім. Үкімдерді тану және орындау

109-бап

Үкімдерді тану және орындау

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптар осы Конвенцияда көзделген шарттарда басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін бір Уағдаласушы Тараптың сотымен сотталған және жазаны өтемеген адамды ұстап беру жағдайда, сондай-ақ бір Уағдаласушы Тарапқа басқа Уағдаласушы Тараптың сотымен шығарылған үкімді орындау үшін адамды ұстап беруден бас тартқан кезде басқа Уағдаласушы Тараптардың соттарымен шығарылған үкімдерін таниды және орындайды.

2. Үкімдерді тану және орындау аумағында осындай үкімдер танылатын және орындалатын Уағдаласушы Тараптың заңдарының негізінде жүзеге асырылады.

110-бап

Үкімдерді тану мен орындау туралы құзау

1. Сұрау салған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесінің үкімді тану мен орындау туралы өтініші сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесіне жіберіледі.

2. Өтінішке:

а) заңды күшіне енген үкімнің тиісті куәландырылған көшірмесі және іс бойынша бар жоғары тұрған сотының шешімі, үкімнің заңды күшіне енгені және оны орындауға келтіру туралы ресми құжат;

б) үкімді тану мен орындау туралы өтініш қозғалуына қатысты адамның жеке және азаматтылығы туралы деректер;

в) негізінде адам сотталған, заң бабының мәтіні;

г) жазаның негізгі және қосымша бөлігін өтеу, зиянды өтеу сомасы туралы анықтама қоса беріледі.

3. Қажет болғанда сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесі қосымша құжаттар мен мәліметтер сұратуы мүмкін.

4. Өтінішке қоса берілген құжаттар сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың тілінде қуәландырылған аудармасымен немесе орыс тілінде жасалады.

5. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесі түскен емді тану мен орындау туралы өтінішті өз Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотына қарау үшін жібереді.

111-бап

Үкімді тану мен орындаудың тәртібі

1. Үкімді тану мен орындау туралы өтініш сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотымен оның ішкі заңдарына сәйкес қаралады.

2. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті соты оның аумағына ұстап берілетін адамды нақты беру сәтіне дейін үкімді тану және орындау туралы шешім шығарады.

3. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті соты сұрау салған Уағдаласушы Тараптың сотымен қаулы етілген үкімнің негізінде ішкі заңдарына сәйкес үкім бойынша жаза сияқты, осындай жазаны белгілейді.

4. Егер сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша осы әрекет үшін жазаның мерзім шегі үкім бойынша тағайындалған мерзімнен аз болса, сот сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарында ұқсас әрекеттер үшін көзделген жазаның жоғарғы мерзімін белгілейді.

5. Үкімді қаулы еткен, сұрау салған Уағдаласушы Тараптың аумағында жазаның өтелген бөлігі үкімді тану туралы өтінішті қараушы Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес жаза мерзіміне есептеледі.

6. Жаза, егер ол сұрау салынған немесе сұрау салған Уағдаласушы Тараптардың заңдарына көзделген жағдайда, қолданылады.

112-бап

Үкімді тану мен орындаудан бас тарту

Егер:

а) жаза мерзімі өтіп кетуі салдарынан орындалуы мүмкін болмаса немесе өзге заңда негіздер бойынша сотталушының қатысуынсыз сырттай қаулы етілген үкімге тең болса;

б) сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында осындай әрекет үшін не жазаны өтесе немесе ақталған болса не қылмыстық іс белгіленген заң тәртібінде тоқтатылса, сондай-ақ, егер адам сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесімен жазадан босатылса;

в) сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарымен сұрау салған Уағдаласушы Тараптың аумағында ұқсас тағайындалған, жаза көзделмесе;

г) нәсілі, жынысы, дін ұстануына, этникалық қатыстығына немесе саяси сенімділігі белгілері бойынша адамды қудалауға байланысты соттауға дәлелді негіздер болса үкімді тану мен орындаудан бас тартылуы мүмкін.

113-бап

Үкімдерді орындау кезінде жазаларды қосу тәртібі

Үкімдерді орындау кезінде жазаларды қосу аумағында үкім орындалатын Уағдаласушы Тараптың заңдарымен белгіленген ережелер бойынша жүргізіледі.

114-бап

Кешірім жасауды және рақымшылық етуді қолдану

Үкімді тану және орындау туралы шешім шығарылған адамдарға қатысты кешірім жасауды және рақымшылық ету сұрау салған сияқты сұрау салынған Уағдаласушы Тараптармен олардың ішкі заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

115-бап

Үкімді қайта қарау тәртібі

Орындау үшін берілген сотталғанға қатысты үкімді қайта қарау аумағында үкім қаулы етілген тек Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

116-бап

Өзгертілген және бұзылған үкімдерді орындау

1. Егер үкімді орындау процесінде ол аумағында үкім қаулы етілген Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотымен өзгертілсе, шешім көшірмесі үкімді орындаушы Уағдаласушы Тарапқа осы Конвенцияның талаптарына сәйкес осындай шешімді орындау туралы мәселені шешу үшін тезарада жіберіледі.

2. Егер үкімді орындау процесінде ол аумағында үкім қаулы етілген Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотымен қылмыстық істі қысқартумен бұзылса, шешім көшірмесі үкімді орындаушы Уағдаласушы Тараптың құзыретті органы орындау үшін тезарада жіберіледі.

3. Егер орындау процесінде үкім бұзылса, және жаңа тергеу немесе сот талқылауы тағайындалса, онда осы шешімнің көшірмесі, қылмыстық істің материалдары және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма осы Конвенцияның [92-бабына](#) сәйкес үкімді орындаушы Уағдаласушы Тараптың құзыретті әділет мекемесіне жіберіледі.

Ү Тарау

Қорытынды ережелер

117-бап

Осы Конвенцияны қолдану мәселелері

Осы Конвенцияны қолдану мен түсіндіру кезінде туындалған мәселелер Уағдаласушы тараптардың құзыретті органдарының өзара келісімі бойынша шешіледі.

118-бап

Конвенцияның басқа халықаралық шарттармен қатысы

1. Осы Конвенцияның мәнін қозғайтын, ережесін қамтитын, криминалдық салада бір және бірнеше Еуропа Кеңестерінің конвенциясына қатысушылар болып табылатын, Уағдаласушы Тараптардың арасындағы қатынастарда көрсетілген Еуропа Кеңесінің конвенциясын толықтыратын оның ережелері ғана қолданылады немесе олардағы принциптерді баяндауға қолдануға көмек көрсетеді.

2. Уағдаласушы Тараптардың арасындағы қатынастарда - Еуропа Кеңесінің жоғарыда көрсетілген конвенциясы және осындай конвенцияға қатысушы болып табылмайтын Уағдаласушы Тараптармен осы Конвенцияның ережелері қолданылады.

3. Осы Конвенцияның ережесі олар қатысушысы болып табылатын немесе болуы мүмкін басқа халықаралық шарттардан туындайтын Уағдаласушы Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

4. Уағдаласушы бір Тараптың өтініші бойынша олардың орталық әділет мекемесі осы Конвенция мен қажет болғанда, басқа Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттік органдарының өкілдерін қатыстырып, халықаралық шарттар қатынасының мәселелері бойынша консультациялар жүргізеді.

119-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Уағдаласушы Тараптардың келісімімен осы Конвенцияға оның ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамамен ресімделетін және осы Конвенцияның [120-бабында](#) көзделген тәртіпте күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

120-бап

Күшіне ену тәртібі

1. Осы Конвенция оның мемлекеттерімен қол қойылып бекітілуі тиіс. Бекітілген грамоталар осы Конвенцияның депозитарийдің функциясын орындайтын Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығының Атқарушы комитетіне сақтауға беріледі.

2. Осы Конвенция үшінші бекітілген грамотаны депозитарийге сақтауға берілген күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бекітілген грамотаны депозитарийге сақтауға берілген мемлекет үшін ол оның бекітілген грамотасын депозитарийге сақтауға берілген күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

3. Осы Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер арасында 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция өзінің әрекетін тоқтатады және оған 1997 жылғы 28 наурыздағы Хаттама.

4. Конвенцияның осы бабының 3-тармағында көрсетілген және оған Хаттама осы Конвенция күшіне енгендер үшін олардың қатысушылары болып табылатын осы Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер арасындағы және мемлекеттер қатынасында қолданылуы жалғасады.

121-бап

Конвенцияның қолдану мерзімі

1. Осы Конвенция оның күшіне енген күннен бастап бес жыл ішінде әрекет жасайды. Осы мерзім аяқталған соң Конвенция автоматты түрде әрбір жаңа бесжылдық кезеңге ұзартылады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап депозитарийге оның әрекетінің тиісті бесжылдық кезеңі аяқталғанға дейін 12 ай бұрын бұл туралы жазбаша хабарлап, осы Конвенциядан шыға алады.

122-бап

Уақыт ішіндегі қолдану

Осы Конвенцияның қолданылуы оның күшіне енгенге дейін туындаған құқықтық қатынастарға да таратылады.

123-бап

Конвенцияға қосылудың тәртібі

Ол күшіне енгеннен кейін осы Конвенцияға барлық Уағдаласушы Тараптардың келісімімен қосылу туралы депозитарийге құжаттар беру арқылы басқа мемлекеттер қосылуы мүмкін. Қосылу депозитарий осындай қосылуға келісу туралы соңғы хабарламаны алған күннен бастап отыз күн аяқталған соң күшіне енді деп саналады.

124-бап

Депозитарийдің міндеттері

Депозитарий осы Конвенцияға қол қойғандарды оған қосылған мемлекеттің әрбір бекітілген грамоталарды сақтауға өткізген күні және қосылуы туралы құжаты туралы, сондай-ақ олармен осы Конвенцияға қатысты мақұлдама, хабарламалар мен хабарлаулар басқа құжаттарды алғаны туралы тезарада хабарлайды.

Кишинев қаласында 2002 жылғы 7 қазанда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалған. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақтаулы, ол осы Конвенцияға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасы үшін	Молдова Республикасы үшін
Армения Республикасы үшін	Ресей Федерациясы үшін
Беларусь Республикасы үшін	Тәжікстан Республикасы үшін
Грузия үшін	Түркіменстан үшін
Қазақстан Республикасы үшін	Өзбекстан Республикасы үшін
Қырғызстан Республикасы үшін	Украина үшін

**Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық
көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияның жаңа
редакциясына
Азербайжан Республикасының
Ерекше пікірі**

1. Осы Конвенцияның шеңберінде жедел-ізвестіру іс-шаралары сұрау салудың негізінде Азербайжан Республикасының қолданыстағы ұлттық заңнамасы мүмкіндік беретін деңгейде және оның құзыретті органдарымен ғана орындалуы мүмкін.

2. Осы Конвенция шеңберінде сот шешімінің негізінде тек қана қылмыс жасаған кезде пайдаланылған қарулар мен құралдар, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған мүлік тәркіленуі мүмкін.

3. Конвенцияның [63](#) және [108-баптарының](#) Азербайжан Республикасы үшін заңды күші жоқ.

Азербайжан Республикасының
Президенті

**"Азаматтық отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен
құқықтық қатынастар туралы Конвенцияның жаңа редакциясы туралы" ТМД
мемлекеттері басшылары Кеңесінің мәжілісі күн тәртібінің 13.3-тармағы
бойынша
Украина ескертпесі**

1. Украина өзіне Конвенцияның [6-тармағында](#) көзделген көлемде құқықтық көмек беруге қатысты, атқару жазуларын мойындау және орындауды қоспағанда, міндеттеме алады.

2. Украина ақша міндеттемелеріне қатысты нотариаттық актілерді қоспағанда, өзіне Конвенцияның [54-бабы](#) 1-тармағының "а" тармақшасында көзделген Конвенцияға қатысушы-мемлекеттердің аумағында шығарылған шешімдерді мойындауға және орындауға міндеттеме алады.

Украина Президенті